

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша

білім бөлімінің № 28 «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы» КМҚК

Балалардың шығармашылық дағдыларын,
зерттеу іс-әрекеттерін дамыту.

Бөлімі: Сурет.

Тақырыбы: Гүлдер.

Тәрбиеші: Утаралиева. Н.Т.

2024-2025 оқу жылы

Тобы: «Балдаурен»

Тәрбиеші: Утаралиева Нұргүл.

Өткен күні: 22.11.2024ж.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту.

Бөлімі: Сурет

Тақырыбы: Гүлдер

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдылары, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу. Сурет салу кезінде қарындашты қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін қолдану.

Міндеттері: Бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым-қатынас орнату. Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және ұқыптылыққа баулу.

Көрнекіліктер:

Түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, қағаз, су.

Гүлдердің суреттері (раушан, күнбағыс, қызалдақ)

Жанды гүлдер.





Гүлдердің түсі қандай болады?

Гүлдердің табиғаттағы маңызы туралы әңгімелеу.



«Гүлдер патшайымы» балаларға хат жазып, көмектесулерін сұрайды. Мен сіздерге берейін .

Менің патшалығымда барлық гүлдердің түсі жоғалып кетті. Оларға қайтадан түс қосуға көмектессіңдер ме?-деп өтініш айтып жатыр екен Гүлдер патшайымы .

Тәжірибе арқылы зерттеу.

Балалар гүлдерді зерттеуші ретінде бақылайды.

Сиқырлы су тәжірибесі :

Ақ гүлді түрлі-түсті суға салып, оның қалай боялатынын бақылайды.

Дидактикалық ойын: «Гүлдің қош иісі.»

Шарты: Балалар гүлдердің иісін сезіп, оны сипаттайды.

3. Негізгі бөлім

Гүл салу (сурет салу жұмысы):

- Балалар өздері қалаған гүлді салу.
- Түрлі түсті бояулармен әсемдеу.
- Қиялмен ерекше гүл жасау (мысалы, кемпіркосақ түсті гүл).
- Өз гүлін қалай атауға болатынын ойлап табады.